# АҚАДЫР ВАЛЬСІ

*Сөзі: Өмір Кәріптікі*

*Әнін жазған: Ы с қ а қ Тәукейұлы*

*Құт мекен ырысты өлке Ақадырым,*
*Өзіңмен өркендімін бағалымын.*
*Тауыңнан жуа теріп, суыңды іштім,*
*Тасыңда мөрі жатыр табанымның.*

*Қ а й ы р м а с ы :*
*Б о з ж у с а н д ы б е л е ң н і ң.*
*Қырыңнан гүл теремін.*
*Жанға тыныс с а м а л с ы ң ,*
*Жер ұйығым, жер ұйығым дер едім.*

*Мәрт келер А қ а д ы р д ы ң жігіттері,*
*Х а л қ ы н ы ң қ а л а у л ы с ы б і л і к т і ері.*
*Арулар ай дидарлы к е р і м - к е р б е з ,*
*Б ұ л а қ т ы ң сылдырындай күмстері.*

*Қ а й ы р м а с ы :*
*Сенде туып сенде өстім,*
*Қ а н а т т а н ы п ер жеттім.*
*Жер ж а н а т ы - Ақадыр.*
*Кермиығым келбетім.*

*Сәкеннің сыршыл жырлы сәнді өлкесі,*
*Сыдықтың сыбызға үнді әнді өлкесі.*
*Ұ я с ы ы н т ы м а қ п е н б е р е к е н і ң ,*
*Қазақтың жәрмеңкелі мәнді өлкесі.*

*Қ а й ы р м а с ы :*
*Ақадырым, ардағым,*
Ақ *тілеулі арманым.*
*М а х а б б а т пен перзенттік,*
*Өзіңе жыр арнадым.*



Заман.- 2007.- 30 қараша (№48).- 8 б.